

«Мен топ жеткшісімін»

ЭСН-20 тобының топ жеткешісі
Сәлімкерей Гүлстан Сәлімкерейқызы

«Мен – топ жетекшісімін»

«Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға...» дейді ұлтымыздың ұлы ойшылы – Абай Құнанбайұлы. «Қазақ ұлттық аграрлық» оқу орнын тәмамдап, қолына диплом алған кез-келген жас маман секілді мен де Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжне ұстаздық қызметке орналастым. Алғашқы жұмыс күнімнен бастап өзіме білім берген ұстаздарыммен қызметтес болдым. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп дана халқымыз айтқандай, өзіме тәлім берген ұстаздарыммен қызметтес болу маған алғашында оңайға соқпағанын жасыра алмаймын. Шәкіртке білім беретін әрбір минутым іштей дайындық, ұзақтан қалыптасқан білім қоры мен тыңғылықты дайындықты қажет ететін күнделікті жұмыс күні мені іштей шыңдап, ұстаз ретінде қалыптастырып келе жатты. Уақыт өте келе, мен ұстаздық қызметтің тек қана білім алушының бойына білім нәрін құюмен ғана шектелмейтінін, шәкірттің жүрегіне жол таба білудің қыр-сырын қызметтестерімнен үйрендім, ысылдым, төселдім. Ұстаздарымнан жасқана жүріп үйрендім, қол астыларында тәрбиелене жүріп жетіліп келемін. Білім алушыларма үйрете жүріп үйреніп жатырмын. Оқыған теория мен тәжірибені үйлестіре білудің қаншалықты қиындығын ұғынған сәттерде жаңа бір сатыны бағындырғандай сезіндім.

Қызметке келген алғашқы жылдардан соң өзім жетекшілік ететін топты 2013 жылы қабылдап алып, жұмыс жасай бастадым. Алғашқы шәкірттерімнің бір шоғыры бүгінде Алатау жарық компаниясында, монтаж компанияларында қызмет етіп жүрсе, біразы өзім секілді ұстаздық қызмет етуде. Өз ұстаздарымнан үйренген тәрбие-тәлімді білім алушыларыма дарытуға тырысамын ғой. Бәрі де туған елдің қажетіне жарап-ақ жүр. Алғашқы шәкірттерім – алғашқы түлектерім. «Жақсы ұстаз шәкіртке қырық жыл азық» дейді аузы дуалы, дана халқымыз. Колледжден қанат қағып ұшып кетсе де, білім алушыларыммен жақсы қарым-қатынаста болып, өмірдің әртүрлі белестерін бірге атқарып келеміз.

Қазіргі таңда осы қызметте жүргеніме бес жылдан асса, ал сынып жетекшілік еткеніме төрт жылдан астам уақыт болыпты. Әр таң сайын мені мына бір сауалдар толғандырады: «Ұстаз болу немесе жәй мұғалім болу ол – менің жұмысым. Ал, өз жұмысыңды атқару – міндет пе, парыз ба? Мен топ жетекшісі ретінде заман талабына сай маманмын ба? Заманымыздың білім беру саласына қойып отырған талаптарын бәріміз жақсы түсінеміз. Озық дамыған елдердің қатарына кіру үшін заманауи білім алып, тәрбиеленген, кез-келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алатын, серіктестікке бейім, шапшаң да жан-жақты қалыптасқан тұлға қажет. Ал, осы қасиет, осы құндылықтардың ұстазбен бірге қалыптасатыны – талассыз жайт.

Бала тәрбиелеу – нағыз өнер, ал бұл өнердің бастауы бала мектепке келетін отбасыдан басталады. Отбасыда баланың тұлғалық жеке қасиеттері, өзгелермен қарым-қатынасы, белгілі бір мінез бен әдеттері қалыптасады.

Топ жетекшісі әрбір баланы тануға, оны жақсы көріп, қызығушылығын оятуға тиісті. Тәрбие ісінде басқалардың жеке өнегесі де өте маңызды қызмет атқарады. Ертеде Рим философы Сенеке «Адамды ақыл айтумен қайырымдылыққа тәрбиелеу өте қиын. Жеке бастың үлгісімен тәрбиелеу өте оңай» деген екен. Оқыта отырып тәрбиелеу – заман өзгерсе де негізгі үрдістен қалмай келе жатқан әдіс. Еліміздің Президенті – Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында: «Білім жүйесінде түбегейлі кадрлық өзгерістер жүргізілуі тиіс. Дәстүрлі оқытушы (қажет білім беруде және тәржімалауда монополист) сахнадан кетеді. Педагог-тәрбиешінің жаңа бейнесі жасалмақ: ол – зерттеуші, тәрбиеші, кеңесші, жобалар жетекшісі болуы тиіс.

Заманауи сынып жетекші бұл – қырағы, шығармашыл, ертеңіне сенімді, ғылыми танымы жан-жақты дамыған заман талабына сай тәрбиеші деп түсінемін. Уақытпен бірге қарыштау үшін үздіксіз өзінді-өзің жетілдіріп, мақсатқа жету жолында ерінбей еңбек етуіміз керек. Себебі, бала – сенің ой-қиялың, сенің ерік-жігерің, сенің шабытыңның нәтижесінде сусындап өсетін дән.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» екендігін өткен ғасырдағы түркі халықтарына ортақ ұлы ғұлама – Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың даналығынан білеміз. Расында, адамзат баласын үлкен бір тұлға етіп қалыптастыру жолында ұстаз еңбегі өлшеусіз екенін ескерсек, білім мен тәрбиені құстың қос қанатындай қалықтап отырып бала бойына дарыту ұзақ жылдармен сыналады. Адамзат баласының саналы ғұмырының жылдың төрт мезгіліндей қысы, күзі, жазы мен көктемі болатыны анық. Есейіп, ес жиған ересек өмірді қыс пен күзге теңесек, балалық шақ пен жастық кезеңнің көктем мен жазға көбірек ұқсайтыны белгілі. Әр адам өз көктемінің көрікті, жазының жайдары болғанын қалайды, өз арманына қиядан қол созады. Ұстаз – бала жүрегінің бағбаны болуымен қатар, сол көктемдерді көктетіп, желегін жайқалтатын бірден-бір ұлы тұлға. Әр таң сайын өзінді бір ғана емес, мың тағдыр үшін жауапты жан сезіну, жас шыбық сынды қайда бұрсаң солай қарай майысатын жас шыбық сынды шәкірттерге жаңа бір дүниені таныстыру, теңізге құйған тамшыдай тәлім сіңірудің қаншалықты қызық әрі ғажап сезім екендігін сезініп келемін.

«Сен жанбасаң лапылдап,

Мен жанбасам лапылдап,

Аспан қалай ашылмақ?». Бұл сөз соңғы жылдары мектептегі оқушылардың ұранына айналып кетті. Иә, рас. Әр бала – шамшырақ. Шамшырағын жарқыратып жағып, ішкі алауын тұтату – әрбір ұстаздық жолға қадам басқан жас маманның іштей өзіне-өзінің берген серті іспетті.

«Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты,


Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,

Сөздерінде жалын бар.

Жаннан қымбат оларға ар!

Мен жастарға сенемін! Өткен ғасырлардың тоғысында жазылған Мағжан ақынның бұл үдеуі жылдар көшін жалғастырып, уақыт ұршығын айналдырса да мәнін жоймай келеді.



Қайта уақыт өткен сайын маңыздылығы артып, жас буынның бойына жігер мен қайраттың ұшқынын сыйлап келе жатыр. Мен де ертеңіме сенемін! Ел ертеңгі күн жастардың қолында! Жандүниеммен жақсы көріп, таңдап алған ұстаздық жолыма адал қызмет етемін деп сенемін. Әр баланы жас терекше жайқалтып мәпелеп, аялап күту – менің басты парызым. Жас ұрпақтың бойына тәрбие тағылымы мен білім нәрін егіз етіп дарыту арқылы елімнің ертеңінің іргететасын қаларымды білемін. Ойткені, мен – топ жетекшісімін!